

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 864 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 22 қыркүйек N 1369

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жамбыл облысының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарында соттан тыс тәртіппен оңалту рәсімдерін жүргізу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 864 P970864\_ қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

қаулының атауындағы және кіріспесіндегі "Жамбыл облысының",

"Жамбыл облысы" деген сөздер "Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының" деген сөздермен ауыстырылсын:

1-тармақтағы "облысының" деген сөз алынып тасталынып "Жамбыл" деген сөзден кейін "және Оңтүстік Қазақстан облыстарының "Фосфор" акционерлік қоғамында" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары